Қорғалды
9.12.21ж

Күні/дата 10.12.2021ж

Білім беру саласы / Образовательная область : Шығармашылық

Оқу іс-әрекеті / Организованная учебная деятельность: Сурет

Тақырыбы / **Тема:** «Шыршаның шамдарын жағамыз»

Мақсаты / Цель: Жаңа жыл мейрамына байланысты кешті есіне түсіре отырып, берілген суретті жалғастыып, саусақтармен таяқшаға оралған мақтамен сурет салуға үйрету. Саусақтарының .

Көрнекі құралдар / наглядные пособия: түрлі түсті қарындаштар, қағаздар.

Оқу іс-әрекеті кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	**Педагог «Табиғи оскен шырша» тақырыбында әңгіме жүргізеді**	**Шырша ерекшеліктеріне көңіл аударады.**
Ұйымдастырушылқ - ізденістік	Жұмбақ жасыру: Жасыл тонның бояуы, Жыл он екі ай тозбайды. Дің, бүршіктер, сояуы, Қысқы аязға тоңбайды. - Осы шыршаға ұқсас тағы қандай ағаш бар? Оның ұқсастығын хош иісі арқылы анықтаймыз. - Балалар, біз шыршаны жақсы білеміз, Жаңа жыл мерекесінде үйде, балабақшада шыршаны ойыншықтар іліп, әдемілеп безендіріп қоямыз. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Әдемі шырша болайық, Балдырғандар билесе, Шыр көбелек айналып, Бой сергітіп алайық. Шыршаның суретін салу жолдарын көрсетеді. Алдымен дің салуды, төменгі жағы жуандау, жоғарғы бөлігі жіңішке болып келетінін, бұтақтарын жоғарыдан төмен қарай көлбеу сызықтармен сызу арқылы салуға болатынын түсіндіреді. Шырша бұтақтарына оның тікендерін салғанда жоғарыдан төменге қарай көлбеу сызықты үзбей салу керектігін айтады. Шырша салып болған соң балаларға оны ойыншықтармен әшекейлеп, кішкентай домалақ, сопақша шарлар жасап, бояуды ұсынады. Тек сонда ғана ол мерекелік шыршаға айналатынын айтады.	- Шырша. - Қарағай да шыршаға ұқсайды. -Жаңа жыл мерекесін тойлағанда көреміз. Сол шыршаның қасында ән салып, би билеп Жаңа жыл мерекесін қарсы аламыз. Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды. Қылықаламмен ойыншық ілінген әдемі шыршаның суретін түсті бояулармен салуға кіріседі, көлбеу сызықпен үзіліссіз сызып салады. Ойыншықтарды сопақ және домалақ болып келетіні, өлшемі жағынан сәйкес келетініне көңіл бөліп жасайды.
Рефлексиялық түзетушілік	-Балалар, бәрің де жақсы сурет салдыңдар. Шыршаларынды Аяз-ата көріп, қуанып қалатын болды. Балалардың жұмысына талдау жасайды, жақсы жұмыс істеген балаларды мақтап, мадақтайды.	Шырша туралы әндерін қайталап айтады.

Қорғаған
22.11.2021ж

Күні/дата 23.12.2021 ж

Білім беру саласы/Образовательная область: денсаулық

Тақырыбы/Тема:Қардағы іздер

Мақсаты/Цель:Қағазға саусақпен дақ түсіруді үйретуді жалғастыру, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, жануарлардың іздерін қарға түсіріп, саусақтың бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмысы/Словарная работа: Қардағы іздер

Технологиялық қамтамасыз ету/Технологическое обеспечение: көктем мезгілінің суреттері.

Іс-әрекет кезеңдері Этапы деятельности	Тәрбиешінің басқару әрекеті Действия воспитателя	Балалардың іс-әрекеті Действия детей
	Жұмбақ шешеміз	
Мотивациялық-қозғаушылық Мотивационно-побудительный	Педагог серуен кезінде қардағы адамдардың, иттқұстардың іздерін көріп бақылағандарын және өздері де қарға із түсіріп көргендерін еске түсіреді. Аюдың қорбаңдап жүретінін, қоянның секіріп жүретінін, құстардың жем шоқып жегенін әңгімелейді. - Міне, сендердің алдарында ақ қағаз, сендер оны «қар жамылған дала» деп елестетіңдер. Ақ карға ешқандай із түспеген, әлі ешкім де, еш нәрсе де жүрмеген. Осы ақ кардың үстіне бояумен із түсіріп көрейік. Енді мына қоянға көмектесейік, ол карда қалай жүгіреді екен? Ақ қағазға бояумен із түсіріп көрсетеді	Өленді мұқият тыңдайды.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік Организационно-поисковый	- Бұл ненің ізіне ұқсайды? Мына ойыншықтарды қағаз бетіне жүргізіп көріңдерші. Балалардың жұмыс барысында ұқыпты жұмыс істеулері қадағаланады. - Енді орнымызға отырып, қылқаламның ұшын қатты баспай, кішкене-кішкене дақтар түсіре отырып қоянның ізін саламыз. Педагог қылқаламды кез келген бояуға батырып, оның ұшын ғана қағазға тигізу арқылы қоянның ізін қалай салуға болатынын, қағаз бетіне дақ түсірудің жолдарын көрсетеді. Қоян секіріп-секіріп жүретіндіктен, арасын алшақ немесе жақын да орналастыруға болады. «Іздер», «дақ түсіру» сөздеріне түсініктеме беру үшін сөздік жұмыс жүргізіледі. - Балалар, енді музыка әуенімен аңдардың қимыл-	Жаңа сөздерді қайталап,

	қозғалысын қайталап көрейікші. Кейбір балаларға жеке нұсқаулар беріледі. Басшылық жасалып, жақсы жұмыстар мадақталып, іс-әрекет барысы қорытындылады. «Іздерді ажырат» дидактикалық ойын	
	«Қояным» ойынын ойнайды. Балалар алдын ала бақылау кезінде көргендерін естеріне түсіреді. Әңгімелеп береді. Балалар қылқаламды бояуға батырып, қағазда дақ қалдырады, яғни із түсіреді. Балалар педагогтің сұрағына «аюдың» немесе «адамның» деп өз білгендері бойынша жауап қайтарады. Ойыншық аңдарды қағаз бетінде жүргізеді. Қайтадан орындарына отырған соң, қылқалам ұшын қатты баспай кішкене дақ түсіре қоянның ізін салады. Балалар жұмыстарын аяқтап, орындарынан тұрып, музыка әуенімен аңдардың қимыл-қозғалысын қайталап көрсетеді. Жануарлары мен құстардың іздерін ажыратып, сызықпен көрсетеді.	

Күтілетін нәтиже:
Біледі: қыста қарда оның үстімен жүріп өткен адамдар, жануарлар мен құстардың іздері қалатынын.
Игереді: аңдар туралы қарапайым түсініктерді.
Меңгереді: қағазға қылқаламмен дақ түсіре білуді, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын.

Технологиялық картаны толтырған сурет маманы А.Алданова